



**Ата-аналармен
Тренинг.
«Шаттыққа толы
жүрекпен»**

**Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп психологы:
Имамбердиева Ж.М.**

2014-2015 оқу жылы. Ақпан.



Мақсаты:

Ата-ананың тәрбие мәселесіндегі психологиялық құзыреттілігін арттырып, баламен тиімді қарым-қатынас орната білу, қабілетін дамыту, оқу-тәрбие жұмыстарына қатыстыра отырып, серіктестікке тарту.

Жоспар.

1. Танысу
2. «Көңіл-күй түсі» жаттығуы
3. Ситуациялық сұрақтар
4. Алты тұлғалық факторды анықтау. Тест
5. «Бұл кім?» балалардың тосын сыйы
6. «Жанұя шашуы» ойыны
7. «Менің жанұям» фото қоршауға отбасы суретін салу
8. «Жан жүрек сыры»
9. Қорытынды.

Көрнекілігі: түрлі шарлар мен стикерлер, сұрақтар топтамалары, видеотоптама, сурет салуға арнайы қоршаулар.



1.«Танысу» тренингі

Мақсаты: топта ары қарай жақсы қарым – қатынас орнату үшін қолайлы орта туғызу, танысу.

Ата-аналар өздерінің есімдерін, баласының есімін айтып және өзге ұлт өкілдерінше қимылмен амандасады.

Мысалы, менің атым - Шолпан.


Қызым –Аягоз. Үнділерше амандасу қимылмен.



Ата-аналар өздерін таныстыруда.



- 2. «Көңіл-күй» түсі
- Бүгінгі көңіл-күйіңізді қандай түспен бейнелейсіз?
- Әр қатысушы өзінің көңіл-күйінің түсін таңдап алады.
- Қатысушылардың бүгінгі жиынға қандай көңіл-күймен келді екен.



Қатысушылар өздеріне ұнаған түсін таңдап алып, өздері туралы мағлұмат алуда.





Сары - өзін де, басқаны да қуантып жүретін адамдар.

Жасыл - байсалдылық, қанағаттандылық белгісі, қонақжай адамдар.



- Ақ - мейірімді адамдар.
- Қызыл - алдына мақсат қойса жетпей тынбайтын, жігерлі адамдар.

● *Психологиялық қарым-қатынас үйлесімділігі*

*Баланы жастан бақпасаң,
Жамандықтан қақпасаң,
Қадірден жұрдай қасқа боп,
Кешкенің өмір босқа тек*




1. Балаңыз сіздің ең қымбат затыңызды байқамай сындырып алды, сіздің әрекетіңіз?
2. Балаңыздың тәртібінен көп ескертпе аласыз, сіздің әрекетіңіз?
3. Досымен ойнап жүрген балаңыз басқа баланың ойыншығын үйге алып келді, сіздің әрекетіңіз?
4. Сіз асығыс қонаққа жиналдыңыз, балаңыз ертегі оқып беруді өтінді, не істейсіз?
5. Балаңыз күнде бірінші сабаққа кешігіп келеді. Қалай жөнге келтіресіз?
6. Балаңыз сабақтан қашып, мектептен ерте келді, не істейсіз?
7. Балаңыздың ұялы телефонында жинақталған жағымсыз суреттерді байқадыңыз. Сіздің әрекетіңіз?
8. Сізге мектептегі мұғалімдерден “Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады деген шағым айтылды”, тағы да көрші ата – аналардан “біздің баланы ұрды” деген сөз естуге тура келді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?
9. Балаңыз немесе қызыңыз мектепте болған жағдайларды үйге айтып келетінді шығарды? Сіз не істейсіз?
10. Жұмысқа асығып тұрғанда балаңыз, ұйқыдан тұрмай қырсығып жатып алды. Қалай тұрғызасыз?
11. Балаңыз сабақ беретін ұстазына ренжіп, енді сабаққа бармаймын деді? Ондай жағдайда сіз не істейсіз?
12. Балаңыз үйде компьютерден бас алмай ойын ойнап, сізге көмектеспей, тіпті сабағына да қарамай қойды делік? Сіздің әрекетіңіз?
13. Үйде балаңызға жай ғана анасы ретінде ұрсып қалдыңыз, ол бірден әкесіне (әжесіне) шағымданып жылап барды? сіз осындай сәтте не істейсіз?
14. Балаңыз сіздің ең жақсы көретін фильміңіз басталғанда, «Балапан» арнасындағы өзінің мультфильмін көремін деп отырып алды? Сіз не істейсіз?
15. Сабақ басталғанда алып берген киімдеріңізді балаңыз ұнатпады? Сіз балаңызды қалай көндіресіз?

Ата-аналар ситуациялық сұрақтарға жауап беру үстінде.



● Алты тұлғалық факторды анықтау.

Тест



Тұлғалық факторларын анықтау тестінің жауабы.

1. Адамның қызығушылығын анықтайтын фактор

Егер кіші шаршының ішіне сурет салса, қызығушылығы өзіне бағытталған
Үлкеніне салынса, қызығушылығы адамдарға бағытталған.

2. Адамдармен қарым – қатынасын анықтайтын фактор:

Егер шаршының ішіндегі екі сызық қосылса, онда ашық қарым – қатынаста болады;
Егер сызық қосылмай сырт қалса, тұйық қатыста.

3. Бейімделушілігін анықтайтын фактор:

Егер суреттің жиегі доға түрінде салынса, онда тең бейімделері

Егер суреттің жиегі бұрыш немесе түзу сызық түрінде салынса, онда бейімделе
алмайды.

4. Мақсат көздеушілігін анықтайтын фактор:

Егер сурет нүктеге қатысты салынса, онда мақсат көздей алмайды;

Егер нүкте суреттен тыс қалса, онда мақсат көздей алады.

5. Адамның энергиясын анықтайтын фактор:

Шаршыға ені сызық қосылса, энергиясы жоғары;

Егер сызық қосылмаса энергиясы төмен.

6. Лидерлік қабілетін анықтайтын фактор:

Егер сурет кіші шаршының ішіне салынса, онда лидерлікке ұмтылады;

Егер шаршы суреттің бір элементі болса, онда ол адам диктаторлық қабілеті болған.




6. «Бұл кім?»
балалардың
тосын сыйы.
Ата-аналар
балаларының
алдын-ала
салынып
алынған
суреттерін
тауып алу
қажет.


Аналары суреттерді іздеу үстінде



- «Жанұя шашуы» ойыны
- Шарда жасырылған сұрақтарға жауап беріп, ішіндегі жазылған әртүрлі тапсырмаларды орындап беріңіз.



Шарда жасырылған тапсырмаларды ата-аналар орындап берді.



- «Менің жанұям» фото қоршауға отбасы туралы сурет салу.





«Жан жүрек сыры»

Мына үлкен ақ жүрекке назар аударыңыздар! Ол тірі емес, дүрсілдемейді. Біз оған қазір жан береміз. Қатысушыларға қағаздан жасалған жүрекшелерді беріп, оған балаларына қандай жылы сөздер айтады соны жазу тапсырылады.

(айналайын, ботам, күнім, жұлдызым, т.б.)



Қатысушыларымыз жүрекке жан бітіруде.



● Қорытынды. Тренингте
алған әсеріңіз!





*Назар
аударғандарыңызға
рахмет!*